



010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 14  
15.kz  
тел: 8 (7172) 712868, факс: 8 (7172) 30 18 65

010000, город Астана, пр. Мәңгілік ел, 14  
www.115.kz  
тел: 8 (7172) 712868, факс: 8 (7172) 30 1865

№  
17.02.2017 ж. № ДЗ-41  
№ исх: 2-012200-17-16063 от: 02.03.2017

## Қазақстан Республикасы

Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
А.Т. Перуашевқа  
Е.Х. Барлыбаевқа  
Е.С. Никитинскаяға  
Қ.Г. Әбсәтировқа  
Б.С. Дүйсембиновке  
Д.М. Еспаеваға  
М.А.Қазбековаға

*Жалған кәсіпкерлікті  
декриминализациялауға қатысты*

### *Құрметті депутаттар!*

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «Жалған кәсіпкерлік» деген 215-бабына және кәсіпкерлердің құқықтарын бұзғаны үшін бақылаушы органдар лауазымды тұлғаларының жауапкершілігіне қатысты Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атына жолданған Сіздердің сауалдарыңыз қаралды.

Президент Әкімшілігінің жанындағы құқық қорғау және шаруашылық заңнаманы және оны қолдану практикасын жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының 2017 жылғы 2 ақпандағы хаттамалық тапсырмасын орындау шеңберінде Сіздер белгілеген мәселелерді Бас прокуратура мүдделі мемлекеттік органдармен және «Атамекен» ҰКП-мен пысықтауда.

Қазақстан Республикасы ҚК-нің 215-бабын декриминализациялау туралы ұсыныстар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына Бас прокуратура әзірлеген Тұжырымдамаға (бұдан әрі –

*Тұжырымдама*) енгізілді және ол мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жолданды.

Сонымен қатар жалған кәсіпкерге қатысты соттың үкімі немесе шешімі бойынша контрагенттерден салықтарды түзету туралы талаптарды алып тастау бойынша Салық кодексінің 115 (*Ұстап қалуға жатпайтын шығындар*) және 257-баптарына (*Шегеруге жатпайтын қосымша құнға салық*) өзгерістер пысықталуда, бұл адал кәсіпкерлерді қорғауға мүмкіндік береді.

Тұжырымдамамен, сондай-ақ, ұйымдастырушыларды және жалған қызметке азғырушыларды қылмыстық жауаптылыққа тартуға мүмкіндік туғызатын Қылмыстық кодекстың 216-бабына (*Іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиіп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау*) түзетулер және салықтарын бірінші рет жасырып, оларды өз еркімен төлегенде кәсіпкерлерді қылмыстық жауаптылықтан босататын 245-бабына (*Ұйымдарға салынатын салықты және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару*) түзетулер көзделген.

Қылмыстық және Салық кодекстеріне белгіленген түзетулер, біздің ойымызша, адал кәсіпкерлерді емес, ұйымдастырушылар мен қамқоршыларды жауаптылыққа тартуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, лауазымды тұлғалардың жеке материалдық жауаптылығын жоғарлату мақсатында Тұжырымдамамен жымқыру, аса ірі мөлшерде залал келтіру фактілерін, лауазымды тұлғаның қамқоршылық етуімен стратегиялық тауарлар мен ресурстардың, сондай-ақ аса маңызды тауарлардың заңсыз орнын ауыстыру үшін норманы қосу жолымен сыбайлас жемқорлық қылмыстарды кеңейту көзделген (*ҚК-тің 234-1 б. 3 б. 1 т.*).

Бас прокуратура жемісті ынтымақтастық үшін депутаттық корпусқа алғысын білдіреді және қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне оның одан әрі тиімділігіне сенімділігін білдіреді.

**Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры Ж. Асанов**

*Орынд. Б.Беисов  
Тел. 71-29-35*